



ӨЗЕН

№4 (25) СӘУІР 2018 ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

МЕРЕКЕ – МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ – ГЕОЛОГТАРДІКІ

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙШЫ-ГЕОЛОГТАР ҚОҒАМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ӨЛКЕНІҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ ГЕОЛОГТАРЫНА АРНАЛЫП САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ. ЖИЫНҒА КОМПАНИЯЛАРДЫҢ АРДАҒЕР-ГЕОЛОГТАРЫНАН БАСТАП ЖАС МАМАНДАРЫНА ДЕЙІН ҚАТЫСТЫ.

Сәуір айының алғашқы аптасындағы геологтардың кәсіби мерекелеріне арналып «сважинаның дәрігерлері» атанған қызмет иелеріне ерекше құрмет көрсетілді. Соның ішінде Қазақстан Республикасы мұнай және газ өнеркәсібі саласындағы жүргізген геологиялық ізденістері мен еліміздің геологиясына сіңірген ерен еңбегі үшін Қазақстандық мұнайшы-геологтар қоғамының 2017 жылғы «Қазақстанның үздік-геологы белгісімен» бірқатар қызметкер марапатталды. Ал ең



жоғарғы марапат – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «ҚР жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісіне «Өзенмұнайгаз» АҚ бас геологы Шолпан Пангереева ие болды. Сондай-ақ бірқатар қажырлы

еңбек иелері облыс әкімінің «Алғыс хатын» иеленді. Өзенмұнайгаздық геологтар Әлия Жолдасова, Айсұлу Өскімбаеваларға «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамоталары, Бақтыгүл Ысқақоваға Қазэнерджи қауымдастығының төс белгісі, ал Рая

Анкешова, Ғалия Дербезова, Талшын Қазғалиева, Жадыра Шырақбаева, Гүлбаршын Жалғасоваларға «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Алғыс хаты» тапсырылды.

Жиында сөз алған «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров компанияның бүгінгі жай-күйін, даму бағытын айта келіп, барлық мереке иелерін құттықтады. Олардың еңбектеріне зор жетістіктер, дендеріне саулық пен абыройлы қызмет етулеріне тілектестік білдірді.

Ардагер-геолог Аманжан Өтесінов: «Адамды емдейтін дәрігер болса, скважинаны «емдейтін» – геолог. Сол қызметімізді қаншама жыл абыроймен атқардық. Қара жер қойнауын игеруге өзге мамандықтар қаншалықты керек болса, геологиялық жұмыстар да соншалықты қажет. Барлық әріптестерімді, ізбасарларымды кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Еңбектеріне табыс тілеймін», – деді мәртебелі қонақ ретінде сөйлеген сөзінде.

Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Өнерпаздар геологтарға ән мен жырдан шашу шашты.

Жалғасы 2-бетте





Мереке – мерейлі мамандық иелері – ГЕОЛОГТАРДЫҚ

Геологтар мерекесінің екінші кезеңі «Өзенмұнайгаз» АҚ қаржыландыруымен «Кендірлі» демалыс аймағында жалғасты. Мұнда өткізілген ғылыми-конференцияға «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамдары, «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны, «Карповский Серверный», «Урал Ойл энд Газ», «Қаражанбасмұнай», «Су өндіру және тасымалдау», «Қазақ газ өңдеу зауыты», «Өзенмұнайсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің геолог-мамандары қатысып, жердің қыртысы және ішкі қабаттары, олардың құрамы, құрылысы, қозғалысы, даму тарихы, орналасу заңдылықтары туралы баяндамалары мен слайдтарын ұсынып, қызу талқылады. Олар өздерінің алдында игерілмей жатқан кенорындарды өңдеу, байыту сияқты қиын міндеттер тұрғандығына тоқталып өтті.

Жиынға геология саласының дамуына, жоғары деңгейге көтерілуіне тер төккен ардагер-геологтарымыз да қатысып, өздерінің бай тәжірибелерімен бөлісті.

Бала кезімізде геолог десе, көзімізге балға мен жолдорба елестейтін. Қазіргі геологтар заманауи компьютерлік және ғарыштық технологиялармен жабдықталған кәсіп иесі.

Ғасырдың технологиялық мүмкіндіктерін меңгерген сайын өндіріс өресінің



Мәртебелі мамандықтың ҰЗДІКТЕРІ



АМАНЖАН ӨТЕСІНОВ – АРДАГЕР-ГЕОЛОГ

1943 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1964 жылы Гурьев мұнай техникумын, 1970 жылы ҚазПТИ-ді бітірген. 1964-1965 жылдары кіші техника операторы, Батыс-Қазақстан кәсіпшілік-геофизикалық экспедициясының техника-операторы болып қызмет атқарады. 1970 жылдан бастап геология саласына ауысады. Инженер-геолог болып мәртебелі мамандықтың қыр-сырын меңгере бастаған Аманжан Нұрғалиұлы геологиялық бөлімнің аға геологы, геология бөлімі басшысының орынбасары, кәсіподақ комитетінің төрағасы, «Өзенмұнайгаз» МГӨБ парткомының хатшысы қызметтерін атқарады. Қоғамдық өмірде де аса

бесенділік танытқан азамат Жаңаөзен қаласы Халық бақылау комитетінің төрағасы болады. 1996 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» ӨФ №1 МГӨБ бас геологы болып абыройлы еңбек етті.

«Геолог деген кім?» деген сұрағымызға «Геолог – скважинаның емшісі» деп бір ауыз сөзбен жауап берген Аманжан ардагер: «Өзен кенорнының болашағы бар. Әлі де ұрпаққа азық, ел экономикасын көтеруге қызмет етеді. Сол жолда ізбасарларыма, әріптестеріме қажымас қайрат, мол білім, абыройлы еңбек тілеймін. Ортақ мереке құтты болсын!» – деп тілеуестік танытты.

ТӘРБИЯ ҰЛЫҚПАНОВА – АРДАГЕР-ГЕОЛОГ:

1951 жылы туылған. 1974 жылы еңбек жолын Өзен кенорнында мұнай-газ операторы болып бастайды. Одан соң шебер, технолог, аға инженер болып еңбек етеді. Қызметте сатылап көтерілген Тәрбия Фазылқызы лаборатория басшысы болады. 1991 жылдан бастап геологиялық бөлімдерде қызмет атқарып, осы бір қиын да қызық саланың тасын өрге домалатады. Мұнай-газ саласында 35 жыл абыройлы еңбек еткен білікті маман 2009 жылдан бері зейнет демалысында.

«Жұмысымызды зор сүйіспеншілікпен атқардық. Бүгінде зейнетін көріп отырмыз. Геологиялық жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнай қорын анықтап, өндіріс даласын зерттеу де осы мамандық иелерінің міндеті. Мереке қарсаңында «қара алтын» өндірісінде, оның ішінде барлау-геологиялық қызметтердің жолында жүрген барлық әріптестерімді құттықтаймын. Еңбектері еселене берсін», – деп тілек білдірді.



ГҮЛЗИРА АБИШАЕВА – ИНЖЕНЕР-ГЕОЛОГ:

– Геологтардың жұмыстары тайға таңба басқандай көзге көрініп тұрмайды. Жүздеген орындалуға тиісті шаралар тәулігіне атқарылып жатады. Зерттеу, қабаттардың мүмкіншіліктерін зерделеу, мұнай қорын анықтау, бәрі-бәрі ағымдағы жұмыстар. Жасалу керек, жасалады да! Аса көріне бермегенмен жер қойнауынан байлық игеруде алғашқы қадам жасаушылар – геологтар екенін бәрі біледі. Осы салада еңбек етіп, компанияның өсіп-өркендеуіне үлесімізді қосып келе жатырмыз. Мен адал, абыройлы еңбек етсем, ол өзім қызмет ететін №1 МГӨБ ұжымының арқасы деп білемін. Кәсіби мерекемен барша геологтарды құттықтаймын!



«Жас Отан» Жастар қанатының ІҮ съезі өтті

«ЖАС ОТАН» ЖАСТАР ҚАНАТЫНЫҢ «ЖАҢА ӘЛЕМГЕ ЖОЛ САЛАМЫЗ» АТТЫ ТӨРТІНШІ СЪЕЗІ ӨТТІ. 4 ЖЫЛ САЙЫН ӨТКІЗІЛЕТІН ЖАСТАР ЖИЫНЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНА ЕЛІМІЗДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНЕН 600 ДЕЛЕГАТ, 1 МЫҢ ЖАРЫМНАН АСА ЖАСТЫ ЖИНАДЫ.

«Жас Отан» Жастар қанатының төртінші съезіне әр облыстан іріктеліп 1 жарым мыңнан аса жас қатысса, Маңғыстаудан да белсенді делегаттар барды. Олардың ішінде компаниямыздың жастары да бар. Мұнда жасотандықтардың мақсат-мүдделері айқын көрінді.

Елбасының құттықтауын Гүлшара Әбдіқалықова съезд қатысушыларына жеткізді.

Съезд мақсаты – жастар саясатын жаңғырту. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» мақаласы, соңғы екі Жолдауы, бес әлеуметтік бастамасы, соның бәрін қосып жастарға арналған үлкен бағдарлама, үлкен жоба құрастырамыз. Бүгінгі іс-шара жаңа форматта өтіп жатыр. Ертеңгі іс-шара виртуалды шындық форматында өтеді. Бұл модернизацияны аймақтардан келген жастарымыз көріп, Қазақстан бойынша таратады, - деді «Жас Отан» ЖҚ төрағасы Данияр Сүндетбаев өз сөзінде.

Съездің бірінші күні делегаттар «Рухани жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан», «Қазақстанда жасалған», «Білім. Ғылым. Инновация», «Саламатты ұлт» деп аталатын 5 тақырып бойынша өткен сессияларға қатысып, жобаларын ұсынды.

Бауыржан Бәйімбетов – съезд делегаты: «Форумда VR-формат қолданылды, бұл дегеніңіз шараны бүкіл әлем виртуалды көре алды. Біз

де осы мүмкіндікті пайдаланып өз жобамызды қорғадық. Ол «Жастар арасындағы кәсіпкерлікті кеңінен тарату» деп аталды. Қазіргі таңда кәсіпкерлікке арналған бағдарламалар бар. Алайда жеке істі дамытуға түрлі кедергілер кездеседі. Жастардың кәсіпкерлікке келуіне кездесетін кедергілердің бірі – несиелер алу кезінде кепілдік қою. Осы бағытта біз өзімізше жаңа жүйені ұсындық. Яғни жаңа жобаларға гранттарды көбейту, инвесторлармен байланыс орнату, сондай-ақ үлкен бизнес өкілдері мен шағын бизнес өкілдерінің қарым-қатынасын жолға қоюды баса жеткіздік. Әрине, ондағы жастардың әрқайсысының ұсыныс-пікірлерінің тыңдалғаны бізді қуантты», – дейді.

Съезде сайлауда жеңіске жеткен Орталық кеңестің жаңа мүшелерінің есімдері белгілі болды. Гала-форумында съездің қорытынды құжаты қабылданды. Бұл құжат жастар саясатына өзгеріс әкеліп, тың серпін бермек.

Бұл сенбі бұрынғы сенбілерден ерекше болды. «Өзенмұнайгаз» Аппарат басқармасының ұжымы тазалық айлығына үлестерін қосты. Сәуірдің жарқыраған тәуір күнінде өздері қызмет ететін ғимараттың сыртқы келбетін ажарландыру, ағаштардың түптерің ақтау, қолпсыту, қатты қалдықтардан арылтуды жұдырықтай жұмыла отырып, істеп шықты. Мұның маңызды шара екендігін жақсы түсінетін олар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғандай белсенді ері ұйымшылдықпен қатысты.

Өзенмұнайгаздықтар СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ



БАҚ өкілдері қазіргі таңда өзен-суларды ластау, орта мен айналаны қоқысқа толтыру көз үйренген қалыпты жағдайға айналып бара жатқандығын айтып дабыл қағуда. Түптеп келгенде, бұл адамзатқа, ғаламға келтірген күлдей зиян екенін көрсетуде. Оған ешкімнің күмәні де жоқ. Сондықтан да бір тәулік қаламдарын - күрекке, кеңсе киімдерін арнайы күртешелерге алмастырған мамандардың пайдалы іс атқарғандары анық.

«Бірігіп жұмыс істеу адамдарды бауырмал ете түседі. Сондай-ақ әріптестер арасындағы өзара достық пен сыйластықты арттырмақ», – дейді Нормалау және еңбекақы төлеу департаментінің директоры Ғалымжан Оспанов.

Сенбілік өзенмұнайгаздықтарға күтіммен қарап, қадірлеген адам ғана Жер-Ананың мейіріміне бөленіп, берекеге кенелмек екендігін ұғындырды.



ЖҮРЕКТЕРДІ ЖІБІТКЕН ИГІ ІСТЕР

«КІСІНІ КЕЙДЕ ТАРШЫЛЫҚ СЫНАЙДЫ, КЕЙДЕ БАРШЫЛЫҚ СЫНАЙДЫ», – деген жақсы өңгіме бар. Дәл қазір бізді баршылық сынап жатыр. Жаратқанға шүкіршілік айтайық, айдың басында сауын сиырдай келіп тұрған жалақымыз бар. Ебін тапқан азаматтардың қосымша кәсіптері де бар. Осы тұста тарылып қалмай, мұқтажға қол ұшын созу – адамдық деп білемін», – дейді Тұралхан Болысов.

Байқасаңыз, жақсылық жасаушының жүзінде нұр болады. Жан-жағындағы жоқшылықты жоюға талпынған әр жүректің соғысы бөлек. Әлемде, қала берді айналасында қолын жайып көмек сұраушылар болмаса екен деп аласұрып жүргені. Жоқ-жітікті мынау ғаламнан көргісі жоқ, болмаса екен дейді. Адамның бәрі бақытты, бай, қуатты болсын деген тілегі ауызын ашса, жан-жағына төгіледі.

«Өзенмұнайгаз» АҚ – өлкедегі ірі өндірістік кәсіпорын. Маңғыстаудағы небір игі әлеуметтік-экономикалық бағыттағы бастамаларға қолдау білдіріп келеді. Бұл – компания басшылығының сындарлы саясаты, сондай-ақ өндірістегі қарапайым жұмысшылардың қолдауы арқасында жүзеге асып отырған шаралар.

Мұндай өте ірі қаржылық қажеттіліктерді атқарып отырған жұмыстарға қоса, компанияда тұрақты түрде қайырымдылық шараларын ұйымдастыратын азаматтар бар. «Адам қайғысы — заман қайғысы» деп қарайтын бір топ өзенмұнайгаздық жігіт былтыр екі отбасына зор бақыт сыйлады. Бұл күнде баспана бас ауруына айналған адам аз ба? 2017 жылы №1 СҚКБ кәсіподақ ұйымының төрағасы Тұралхан Болысов, №2 МГӨБ №12 МГӨК аға механигі Ардақ Смағұлов бастаған қызметкерлер Қызылсайда бір жанұяның жылы да жайлы жеке үйінің болуына жәрдемдесті. Жәрдемдесті дегеніміз олқы болар, бастан-аяқ үй салып берді. Мүгедек сәбиі бар көпбалалы отбасының шаңырағына шаттық сыйлап, адамның алғысына, тәңірдің сауабына бөленді. Бір отбасын қуанта сала жомарт жігіттер екінші бір жанұяның жоғын жеткізді. Теңгенің АТП ауылында тұратын 5 баласы бар, отағасы да, отанасы да жұмыссыз құлауға шақ тұрған күркені паналаған жетеудің қуанышына сеп болды. Тастан биік үй қалап, шатырын жауып, кілтін қолдарына ұстатқанда бүтін бір отбасы әлемді құтқаратын мейірімділік екенін ұғынды.

Бастамашыл жігіттер мұндай ауқымды жұмыстар бір немесе екі адамның қолынан жасалмағанын баса айтады. Осындай жауапты кездерде техникамен көмек көрсеткен



«Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты белсенді басқармалар азаматтарының еңбектері көп дейді.

«Көмек қажет етушілерге бос аяушылық пен сылдыр сөз керек емес. Оларға нақты іс керек. Үй сұрады ма, жағдай көтере ме, жігіттер жәрдем бере ала ма, онда солай жасаған жөн», – дейді Тұралхан Болысов.

Адал ниет олардың жүздерін жайнатып қойған. Үнемі пайдалы болуға ұмтылғандар Жаңаөзенде орын алған теміржол оқиғасына да қаржылай көмек көрсетті. 2017 жылғы өздері мұрындық болған қайырымды істерін олар биыл да тоқтатқан жоқ. Баспанасыз отбасының тағы біріне қоныс той тойлатуға шақылап жүр. Алайда жігіттер «Он адам жүрген жерде із қалады, Жүз адам жүрген жер — соқпақ», – деп, компанияның тыныс-тіршілігінен хабар беретін «Өзен» газеті оқырмандары арасынан да өздері сияқты жомарт жүрек, қайырымды қолды жандарды іздейді. Өркімнің қалтасындағы жоспарланып қойған қаражатының шетінен қайырымдылыққа бағытталу оңай болмайды. Сондықтан, мұқтажға өз еркімен көмек қолын созып, алғысқа бөленгісі келетін адамдарды қайырлылар қатарына шақырады!

«Қайырымдылық жасасаң, Қайырын өзің көресің». Жарайсындар, азаматтар! Жақсы жұмыстардың жанынан табылыңыздар!



«ЖАҢАӨЗЕН ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР» ЕРІКТІЛЕР ТОВЫНЫҢ 1 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙ-ТОЙЫНА БАЙЛАНЫСТЫ «ӘСЕМ» МЕЙРАМХАНАСЫНДА «ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТКІЗІЛДІ.

Салтанатты шараға қатысқан қалалық ішкі саясат бөлімінің бастығы Дәмелі Есенова, Ауған соғысы ардагерлер қоғамының төрағасы Сәтбай Құлсариев, Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Балзира Маркашовалар

сөз сөйлеп, топ мүшелерінің еңбектеріне табыс тіледі. «Пайдасыз той, туған күнмен уақыт өткізгенше, соған кеткен артық ақшамызды кедей-кепшікке, жетім-жесірге, мұқтаж жандарға бөліп беріп, сауап жинап қалуға тырысайық», – деді өз сөзінде Сәтбай Құлсариев.

Жақсылыққа жаны құмар қайырымды жандардың ұйымдастыруымен жайылған дастарқаннан 150 науқас бала өздерінің жанашыр адамдарымен келіп дәм татты. Ойын ойнап, ән салды. Би билеп, ертегі кейіпкерлерімен фотоға түсті. Қайырымды жандар үлестірген сый-сыяпатқа ие болды. Арбаға таңылған балалардың риясыз күлкісін көріп, өзіміздің тіршілігімізге тәуба еткендей болдық...

«Болмағанда күніне бір адамға жақсылық жасау керек» деген сөзді өздеріне ұстаным етіп алған топ мүшелері әрбір баланы өздерінің сүйікті кейіпкерлері мекендейтін ертегілер әлеміне саяхатқа апарды.

Бір жылдық мерекеге орай топтың белсенді мүшелері Алдияр Жүнісұлы, Мұқтар Нұрғазин, Нұргүл Елеусінова мен Сәнім Мұратова Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Балзира Маркашованың Алғыс хатымен марапатталды.

Ата-ана үшін баласының қуанғанын көру – бір бақыт екен. «Адам көңілін миллиондаған ақшаға сатып ала алмайсың. Адам көңілін аулау болмашы амал арқылы жүзеге аса бермек! Бастысы – ниетте! Арбаға таңылған, мүмкіндігі шектеулі бала жалғызсырамауы, өзін керексіз сезінбеуі керек. Дүниеде жалғыздықтан өткен жаман нәрсе жоқ», – дейді Сәнім Мұратова.

Бұл қызықты сәттер, әрине, балалардың есінде ұзақ уақытқа төтті елес болып қалып қоятыны сөзсіз. Жаңаөзен қайырымды жандары балаларымызға Елбасымыз айтқандай «Біз үшін жұмақ өз жерімізде!» – екендігін ұғындырғандай болды.

Қамкөңіл балаларға «аспаннан» мейірім жаудырған жақсы жандарға Алланың нұры жаусын!



Мұнайшының БІР КҮНІ

Аты-жөні: Мырзабек Тәңірберген
Қызметі: 5-дәрежелі Темір жонушы
Жұмыс орны: МӨҚЖТКЖБ механикалық цех
Еңбек өтілі: 18 жыл
Жетістіктері: 2012 жылы «Үздік маман» байқауының жеңімпазы
«Өзенмұнайгаздағы бір күн» айдарының кезекті кейіпкері:
Темір жонушы МЫРЗАБЕК ТӘҢІРБЕРГЕНОВ

ЖЕТИ РЕТ ӨЛШЕП, БІР РЕТ КЕС

Темір жонушылық қазақ үшін таңсық емес. Кезінде ата-бабаларымыз темірден түйін түйген нағыз ұста болған. Қазіргі таңда ең қажетті мамандықтардың қатарында, аса сұранысқа ие. Бұл кәсіптің басты ұстанымы – жеті рет өлшеп, бір рет кес.

Мұнай өндірісіне керекті құрал-жабдықтар істен шықпай тұрмайды. Осы орайда олар токарь маманына тәуелді. Біздің кейіпкеріміз Мырзабек Тәңірбергеновке цех басшысы бүгінгі жоспарлы шаралар аясына кіретін ұсақ та болса, кезек күттірмейтін жұмыс - қос шайбаны тез арада жасауды тапсырды.

БАСТЫСЫ –ҚАУІПСІЗДІК

Цехта мамандар да, басқа келушілер де қатаң түрде еңбек және техника қауіпсіздігін сақтауы қажет. Өйткені, бір темірден екінші бір дүние жасалып жатқан ортада жарқашақтар көптеп ұшады. Шиыршықталып жан-жаққа шашырайтын жаңқалар адамды жарақаттауы әбден мүмкін. Сондықтан цехқа кірерде міндетті түрде арнайы киім және көзіңізге көзілдірік кию керек.

1 САФАТТА – 1 БҰРАНДА

Токарь Мырзабек Тәңірбергенов Мұнай-газ өндіру басқармаларынан келіп түскен тапсырмаларды орындайды. Олар бір сағат ішінде шайба керектігін айтты. Қолы епті, техниканың тілін білетін шебер қажетті жабдықты айтқан уақытында әзірледі. Станок жанында тапжылмай тұрып, күніне бірнеше бұрандалар мен біліктер секілді тапсырыстарды сапалы орындауға дағдыланған. Бұл саланың мамандарына ептілік пен қырағылық аса қажет. Сұранысты орындауда 1 мм мүлт кетуге болмайды. Біздің кейіпкерімізде тапсырманы орындауда аса мұқияттылық танытты. Бір шайбаны жасауда сызғышты 16 мәрте қолданды. Өйткені, бір жерден қате кетсе, қайта жасауға тура келеді. Көнігі маман Тәңірберген тапсырманы толық айтылған мезетке жеткізер-жеткізбес уақытта орындап жөнелтті. Бұл –тәуліктің бір мезгілінде атқарылған жұмыстар легі.

Күніне токарь бір емес, бірнеше тапсырма орындауы мүмкін. Мәселен, біз барған күні түс ауа кейіпкерімізге Мұнай-газ өндіру басқармаларының бірінен сұраныс бойынша КМС-те жұмыс жасап тұрған роутерді жону тап-



сырылды. Бұл алып роутерді қалпына келтіруге сағаттар жеткіліксіз. Токарь Тәңірбергеннің айтуы бойынша кемі екі күн кетеді. Өйткені, алдымен роутердің желінген жерін жөндеумен дәнекерлеушілер айналысады. Токарьға солардың қолынан өтіп, жонуға әзір келеді. Мұндағы жұмыстың бәрі автоматтандырылған.

ЖАҢА ЦЕХ-ЖАҢА ЛЕП

МӨҚЖТКЖБ механикалық цехы осы жылдың қаңтар айында ғана жаңа ғимаратқа көшті. Жаңа нысан толықтай соңғы үлгіде жабдықталған. Су жаңа станоктар мамандарға мүдірмей қызмет көрсетіп тұр. Бұл цех жұмыс күшін жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге де сеп болып тұр. Еңбек қауіпсіздігін сақтауға да толықтай мүмкіндік бар.

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН МАМАН

Токарь болу үшін бастысы, шыдамдылық керек. Білім мен дәлдік те өте қажет. Ал осы қасиеттің бәрі бір бойынан табылатын Мырзабек Тәңірбергенов өз ісінің шын шебері. Кешегісі бүгінгіне, бүгінгі ертеңіне ұқсамайтын темір жонушының бір күні осылай өтті.

Мырзабек Тәңірбергенов – темір жонушы: Мұғалім білім ордасында оқушысының жетістігін айтатын болса, біз – темір жонушылар осы цехта өзіміз жасап шығаратын бұранда, білік, басқа да бөлшектерді әңгімелейміз. Айнадай болып станоктан шыққан әр затты сүйсіне қолымызға алып қарайтынымызды өздеріңіз де байқаған шығарсыздар. Жалпы бұл кәсіп тез машықтана қоятындай емес. Темірдің бұрандасын шығару өте дәлдікті, сонымен бірге жауапкершілікті қажет етеді. Жонатын тұстан сәл қисық кетіп, болмашы ғана қателік жіберсең, соның өзі жасаған жұмысыңды жоққа шығаратыны әрдайым есте тұрады. Тікеңнен тік тұрып, оны да ойлап тұрасың. Зырғып жатқан құрылғыға қалт жі-

бермей қарап тұру кейде көзді талдырады. Солардың бірін де қиынсынбай ұжымның абыройын арттыруға ұмтылу - күн сайынғы жұмысымда қателікке ұрынбауға итермелейді. Мен өз мамандығымды қалап келдім және жақсы көремін».

ШАРАПАДДИН ӘБДІҒАЛИЕВ - МӨҚЖТКЖБ МЕХАНИКАЛЫҚ ЦЕХ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ: Токарьдың жұмысы жеп-жеңіл деп айта алмаймын. Өзіне жүктелген міндеттері болады. Мырзабек Тәңірбергенов тәжірибелі маман, 2000 жылдан бері жұмыс жасайды. Мекемеге келген қиын да, күрделі тапсырыстарды орындайды. Кез келген жұмысты сеніп тапсыруға болады.



40 ЖЫЛ ӨНДІРІСТЕ ТЕР ТӨККЕН ЖАН

№2 МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРУ БАСҚАРМАСЫНДАҒЫ №34 ТОПТЫҚ ҚОНДЫРҒЫДА 40 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОПЕРАТОР КҮНСҰЛУ ЖАНЖІГІТОВА ҰЖЫМЫНА ӨТЕ СЫЙЛЫ ЖАН.

БҮГІНДЕ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСҚА ТАЯҒАН ОЛ «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» СІЯҚТЫ КОМПАНИЯДА ЖҰМЫС ЖАСАП ЖҮРГЕНІМЕ ӨЗІМДІ БАҚЫТТЫ САНАЙМЫН. МЕН ОСЫДАН 40 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН ЕСІМЕ АЛСАМ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫМЫЗҒА МЫҢ ДА БІР ШҮКІРШІЛІК ЕТЕМІН. ӨЗІМНІҢ АДАЛ НАНЫМДЫ ТАҰЫП ОТЫРҒАН КӘСІПОРНЫМНЫҢ ДАМУЫ ЖОЛЫНДА ЕТКЕН ЕҢБЕГІМ ЕЛЕНІП, ӨЗЕН КЕНОРНЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ТӨС БЕЛГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫМ. ҚҰДАЙҒА ШҮКІР, ҚАЗІРГІ ТАҒДА НЕМЕРЕ СҮЙІП ОТЫРҒАН БАҚЫТТЫ ӨЖЕМІН. ҚЫЗЫМ БАЛЗИЯ ӘБИТОВА ДА ОСЫ БАСҚАРМАДА ИНЖЕНЕР БОЛЫП ЖҰМЫС ЖАСАП ЖҮР. ЕҢБЕК ЖЕҢІСКЕ ДЕ, ЖЕТІСТІККЕ ДЕ ЖЕТКІЗЕДІ» – ДЕЙДІ.

ЕҢБЕК АДАМЫ ТУРАЛЫ ЖЫР

ХИМИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ БАСҚАРМАСЫНДА МҰНАЙ ЖАБДЫҚТАРЫН ИНГИБИТОРЛЫҚ ҚОРҒАУ ЦЕХЫНДА ДОЗИМЕТРИСТ БОЛЫП ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН НҰРЖАМАЛ МАҒҒЫБАЕВА ӨЗ КӘСІБІНІҢ МАЙТАЛМАН МАМАНЫ.

ОСЫ БАСҚАРМАДА 30 ЖЫЛҒА ЖУЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАП ЖҮРГЕН НҰРЖАМАЛ АҚ АДАЛ ТЕРІҢДІ ТӨКСЕҢ, БӘРІ БОЛАТЫНЫН ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. «ОҚУ ДА, ТОҚУ ДА – ЕҢБЕК. ЕҢБЕКҚОР ЖҰРТ ЕШҚАШАН ЖҰТАМАЙДЫ. ХАЛҚЫ БАЙ ЕЛДІҢ МЕМЛЕКЕТІ ДЕ ҚУАТТЫ», – ДЕЙДІ ОЛ.

ӨКІМШІЛІК-ӨЛЕУМЕТТІК ҚАМТУ БӨЛІМІНІҢ ИНЖЕНЕРІ МАЙРА ҚАНАЛИЕВА «БІЗ ЕҢБЕКТІ, НҰРЖАМАЛ СІЯҚТЫ ЕҢБЕК АДАМЫН ЖЫРЛАУЫМЫЗ, НАСИХАТТАУЫМЫЗ КЕРЕК. ЕҢБЕККЕ БАУЛУ – ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНІҢ ҮЛКЕНІ. ӨЗ ІСІН МҰЛТІКСІЗ ОРЫНДАП, ЖҰМЫСЫНА АСА ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАЙТЫН ЕҢБЕКҚОР ЖАН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ-ӨНЕГЕ. МЕРЕЙЛІ 50 ЖАСҚА ТОЛҒАН ӨРІПТЕСІМІЗ НҰРЖАМАЛДЫ ТУҒАН КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙ ОТЫРЫП, МЕКЕМЕДЕГІ ӨЛШЕУСІЗ ЕҢБЕГІ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ» – ДЕЙДІ.



ЕҢБЕК – ЖАҚСЫЛЫҚ АТАУЛЫНЫҢ БАСТАУЫ

№5 СКВАЖИНАЛАРҒА ӨКІМШІЛІК-ӨЛЕУМЕТТІК ҚАМТУ БӨЛІМІНДЕ ЖҰМЫС ЖАСАП ЖҮРГЕН КҮЛӘШ ТӨЛЕСІНОВНЫҢ ӨКЕСІ ЕКІБАЙ ТӨЛЕСІНОВ ТЕ ОСЫ БАСҚАРМАДА АЦН ЖҮРГІЗУШІСІ БОЛЫП ЖҰМЫС ЖАСАДЫ.

1992 ЖЫЛЫ АТАЛМЫШ БАСҚАРМАҒА КЕЛГЕН КҮЛӘШ БАСТАПҚЫДА СЫЛАҚШЫ, СОДАН KEЙІН ЗЕРТХАНАШЫ, ЕСЕПШІ БОЛДЫ. 2009 ЖЫЛДАН БЕРІ ОСЫ БӨЛІМДЕ ИНЖЕНЕР БОЛЫП ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕДІ. КӘСІБІ ӨЗІНЕ ҰНАЙТЫН КҮЛӘШ АРАЙЛАП АТҚАН ӨР КҮНІНЕ



РИЗА. ЖҰМЫСТАСТАРЫМЕН БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫНДАЙ ТАТУ.

«БІЗДІҢ БЕЙНЕТЕМІЗ ОРТАҚ, БАҚЫТЫМЫЗ – БІР. КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУЫ, ЕЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІ, ЖЕРДІҢ ГҮЛДЕНУІ ӨЛЕМНІҢ ӨМІРШІСІ – ЕҢБЕКТІҢ АРҚАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ. ҒАЛАМНЫҢ ЖАЛШЫСЫ ДА – ЕҢБЕК. ЖЕМІС ЕҢБЕКТЕН ҒАНА ӨНЕДІ, ҚИЫНДЫҚ ЕҢБЕКТЕН ҒАНА ШЕГІНЕДІ», – ДЕЙДІ КҮЛӘШ. БҮГІНДЕ КЕЛІН АЛЫП, ҚЫЗ ҰЗАТЫП ОТЫРҒАН КҮЛӘШ ӨРІПТЕСІМІЗ ТАБЫСТЫ ЕҢБЕКТІҢ БҮКІЛ ЖАҚСЫЛЫҚ АТАУЛЫНЫҢ БАСТАУЫ ЕКЕНІН БІЛЕДІ.



КАРАМБЕТОВТЕР: «БІР ӘКЕНІҢ БЕРГЕН ТӘРБИЕСІН ЖҮЗ МЕКТЕП БЕРЕ АЛМАЙДЫ»



Жанбиби Карамбетова: Бойымдағы өзім де, өзгелер де бағалар жалғыз қасиетім болса, ол – ерінбей еңбек ету, елге адал қызмет жасау. Бұл атаның қанымен, ананың сүтімен дарыған дер едім...

Әкем – Байболат Тынымбайұлы Карамбетов 1957 жылы өмірге келген. Асқаралы 60 жаста. Жаңаөзен қаласындағы санаулы қазақ және орыс тілдерінде білім беретін оқу орындарының бірі - №3 орта мектептің түлегі. Жанұядағы 4 баласын да әкем өзі түлеп ұшқан білім ордасына беріп, сол мектепті бітірдік.

1975 жылы 18 жасында әкеміз Технологиялық транспорт басқармасына (қазіргі) жұмысқа орналасады. Бір жылдан соң Астрахань облысының Капустин-Яр деген жеріне Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. 1978 жылы қайтып келіп, әскерге кетпей тұрып еңбегін жолын бастаған мекемеде жұмысын жалғастырады. Сонда көп жылдар көлік жүргізушісі болып қызмет жасайды. 2006 жылдан бастап бақылаушы механик болып жұмыс жасап келеді. Көп жылдар деймін-ау, 18 жасынан бүгінге дейін табан аудармай бір басқармада. Тұрақтылық та, табандылық та сол – әкеміздің үлгісі. Қазіргі жастар көлік жүргізушісі болуды қомсынып жатады ғой, «шофер» әкеміз тапқан адал табысымен балаларына жоғарғы білім алып берді. Оқытты, тоқытты. Соның арқасында мен «Өзенмұнайгаз» АҚ Игеру департаментінде инженермін. Інілерім мен сіңлім де өз саласында абыройлы мамандар. Қарапайымдылық пен қолында барға қанағат ететін әке қасиеті бізді де «тасығанда – жөңкілген бұлтқа, жасығанда жасампаз жұртқа қарауымызды» үйретті.

Бағдат Карамбетов: Әкесімен мақтана алатын бала қандай бала?! Бақытты бала! Біз әкемізбен мақтанамыз. Сегіз қырлы бір сырлы азамат деп атар едік. «Әу» демейтін қазақ жоқ ғой. Әкем Байболат мек-

теп қабырғасында жүргенде музыкамен айналысқан. Одан соң Технологиялық транспорт басқармасында «Рейс» атты топта өнер көрсетеді. Жаңаөзен қаласының тұңғыш вокалды инструментальды ансамблін құрып, құрамында ойнаған.

Ал менің «Өзенмұнайгаз» компаниясының футбол құрама командасында ойыншы болуым әке жолын жалғауымның нақты көрінісі десем болар. Себебі папам жастайынан спортқа құмар. Өзі қызмет ететін басқармада футбол ойнаған. Үстел теннисінен мекемелер арасында өткен жарыстарда жеңімпаз танылған. Спортқа, өнерге жақын болуды, білімге ұмтылуды, сол арқылы дүниеге бір кірпіш болып қалануды біз әкемізден үйрендік. №3 Мұнай-газ өндіру басқармасындағы аға шеберлік жұмысымның кезінде де өмірлік ұстазымның тәлімін есімнен шығарған емеспін.

Екі ұл, екі қызына үлгі болып, анамызбен бірге жасап, тәлімі мен тәрбиесі ақсамаған әкемізге қарап есімізге «бір әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген нақыл келеді.

Жасай бер, ақылшымыз!



«ҚАНАҒАТ ҚАРЫН ТОЙДЫРАР...»

ҚАЗІР АЙНАЛАҢЫЗҒА ҚАРАП ОТЫРСАҢЫЗ, АДАМ БОЛУҒА ЕМЕС, АҚШАЛЫ БОЛУҒА ҰМТЫЛЫП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ КӨРЕСІҢІЗ. БҰЛ – ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚҰБЫЛЫС. КІМДІ ТЫҢДАСАҢЫЗ ДА, «ҚАЗІР АҚША ҚҰНСЫЗДАНЫП КЕТТІ ҒОЙ. ЕШТЕҢЕГЕ ЖЕТПЕЙДІ», – ДЕП САРНАЙ ЖӨНЕЛЕДІ.

Ақшаның құнын сақтайтын, меніңше, ішкі қанағатымыз болса керек. Бүгінде бәріміздің бойымызда психологиялық дағдарыс бар сияқты. Сондықтан неше теңге алсақ та, бетіміз бұлк етпестен «жетпейді» деп қарап отырамыз. Бұл біздің жан-дүниеміздің күннен-күнге «девальвацияға» ұшырап жатқандығының куәсі.

Түсінгенім, 500 мың теңге алсаңыз да жетпейді екен, 50 мың теңге тапсаңыз да аштан өліп, көштен қалмайды екенсіз.

Адам – пенде. Барын көрсеткісі келіп тұрады. Қарапайым ғана мысал: 5 мың теңгенің ұялы



телефонын алып, байланыс құралы ретінде пайдалануға әбден болады. Алайда Сіз бен Біз бес-ақ мың теңгенің телефонын ұстағымыз келмейді. Біз де, баламыз да бағасы удай қымбат кереметті ұстауымыз керек... Сол баяғы барымызды көрсеткіміз келеді. «Біздерде мынадай

бар, мынадай бар...»

Мәселен, дамыған елдерде, айталық Еуропада адамның өзін, ішкі мазмұнын қаттырақ бағалайды, оның сыртқы пішіні мен келбетіне аса бір мән бермейді. Сондықтан олар мәдени орындарға үйір. Музейге кіру үшін ұзын-сонар кезекті сабырмен сағаттап күтуге дайын. Олар барлық жәдігерін ұлттық бренд дәрежесіне көтере біледі. Операға қомақты қаражатын аямайды, театрларға жиі барады. Кітап оқиды...

Ал біз керісінше, ақшамызды баяны жоқ «боққа» сарп етеміз. Жасанды мерекеге банкет ұйымдастырып, шашылып-төгілу – жетілген ұлтқа жат қылық. «Аттыға еремін деп жаяудың таңы айырылыпты» деген бабалардан қалған тәмсіл бар. Ендеше, «ойнасақ та

біраз жерге бардық қой» – деп тоқтап, байларға еліктемей, көрпеге қарай көсілсек, мұртымызды балта шаппас еді!

Сарша СҮГІРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ мұнайшысы.

ҚҰТТЫҚТАУ!

Аяулы Клара Қайбушқызы!

Сізді толып отырған 55 жас туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Басқарманың дамуына өзіндік үлесіңізді қосып келе жатқан табысты да абыройлы азаматшасыз. Алдағы еңбек жолыңызға да зор жетістіктер тілейміз. Іргесі бүтін мемлекеттің бақыты отбасында ұзақ ғұмыр кешкөсіз!

Тілек білдірушілер: №2 Мұнай-газ басқармасының ұжымы.



Құрметті Бітімқұл Қаржауқылы!

Өмір жолының асқаралы биігі – 60-тың шыңына шығып отырсыз. Сізді ұжым-дастарыңыз еңбексүйгіш, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде таниды. Қиын да қызықты еңбек жолыңыздағы абырой-беделіңізді көпшілік біледі. Мерейлі мерекеңіз қарсаңында Сізге ұзақ ғұмыр, мол табыс тілейміз.

Ізгі тілекпен: №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы



Ардақты Жәмила Жұмабаева!

Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Солардың ішінде еңсәлі 55 жастың орны ерекше. Сіз де осындай мерейлі жасқа толып отырсыз. Ортаңызға сыйлы, маңайыңызға абыройлы адамсыз! Шыққан биігіңіз аласармасын, еңбекте алда, отбасында бақыты болыңыз!

Құрметпен: Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасы.



Қадірменді Асылбек Көбесінқылы!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Әріптестеріңіз өзіңізге төмендегі елең жолдарын жолдайды:

Алға тартып барады өмір-көш деген. Арта қалды бес асу мен бес белең. Елу деген – ердің жасы қайратты, Көкейден-жыр, көңілден сыр өшпеген.

Маңайға - құт, пейіліңе таң күліп, 50 жетті сыбаға алып, сән құрып. Қалпыңыздан айнымаңыз шат көңіл, Басыңыздан бақ кетпесін мәңгілік!

Игі тілекпен: №2 Мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы.



Аса қадірлі Дәурен Әбілбайқылы!

50 деген мәртебелі жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздің қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбегіңіздің еліміздің дамуына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей. Өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай!

Құттықтаушылар: Автоматтандыру және телекоммуникация басқармасының ұжымы.



МҰНАЙШЫНЫҢ БАЛАСЫ ЖЕҢІМПАЗ

Кәусар көптен озды

Есепті ешқандай құралсыз, ойша шығару оңай ма? Иә, қапелімде жаңыласың, шатасасың, әсіресе көп таңбалы сандарда сандалып қалатынымыз анық. Алайда мына бір ерекше жүйені меңгерген балалар олай қиналмайды. Ол жүйе ментальды арифметика деп аталады. Өзгешелігі сол балалар математикалық тапсырмаларды есепшотпен орындап, кейін құралды көзге елестетіп, ойша есептеп үйренеді. Әдіс он деңгейден тұрады. Есесіне деңгей жоғарылаған сайын есептер де күрделене түспек.

Саралап кетсек, тарихы тереңде көрінеді. Тіпті 5 мың жыл бұрын пайда болған деседі. Әлемнің Корея, Қытай, Малайзия, Жапония сияқты алпауыт мемлекеттері мұның тілін әлдеқашан меңгеріпті. Ал біздің естіп жүргенімізге көп бола қойған жоқ.

Десе де бірнеше секундта калькулятордан жылдам есептеп, жауабын айтатын бүлдіршіндер біздің елімізде де асып жығылады екен. Жуырда осындай зейіні ерекше дамыған, ойлау дағдысы қалыптасқан, есте сақтау қабілеті зор балалар арасында Алматы қаласында байқау өтті. Халықаралық деңгейде өткен олимпиадаға компания қызметкері Бекназар Таласбаевтың қызы қатысып, чемпион атанып келді.

Иә, бәрекелді! Бұрғылау жұмыстары басқармасындағы жерасты жөндеу жұмыстары бригадасының шебері Бекназар Таласбаевты газетіміздің бір санында елде жоқ ерекше жобаны ойлап тауып, өндірісті оңтайландыруға ұсынған инновациялық тың жаңалық ретінде жеңімпаз танылды деп жариялаған болатынбыз. «Алма ағашынан алыс түспейді» деген осы болса керек. 8 жасар Кәусар әлем дүлдүлдері қатысқан ментальды арифметика



байқауында қасына қара ертпеген. Тіпті байқау қорытындысы шығар сәтте дау туған. Қазылар аса күрделі, өз жасына лайықсыз есептерді «шөмішкіше шаққан» жаңаөзендік оқушының 2-сыныпта оқитынына күмән келтірген. Алайда білімді бала қайда да өзін дәлелдейді. Кәусар Ысқақ – жеңімпаз! «Ең тиімді инвестиция – баланың білім алуына салынған инвестиция» дейді. Олай болса компания қызметкері Бекназар Таласбаевқа үлкен додада ел намысын қорғап, қала берді мұнайшылар қаласы – Жаңаөзеннің абыройын асқақтатқан білімді сәби есіріп отырғанына алғысымызды жеткізейік. Жарайсың, мұнайшының жеңімпаз баласы!

